
ХАБАРЛАМА

С.Р.ЖАНБОЛАТ

АМЕРИКА АБОРИГЕНДЕРІ МЕН ТҮРКІЛЕР ТІЛІНДЕГІ БАУЫРЛАСТЫҚ ТУРАЛЫ

Автор в статье пишет о своих мыслях пришедших во время визита по делам в США, где проводит о схожих элементах в тюркских языках и языках американскихaborигенов.

Yazar kendisinin ABD-ye yolculuğu esnasındaki fikirlerini paylaşıyor. Makalede Amerika'nın eski halkları ile Türk dilindeki yakınlıklar hakkında bahsediliyor.

АКШ-та 1984 жылдан бері уш рет болды. Шыңжас үниверситетінің, Бұқіл Қытай Аз ұлттар Агаартушыларының делегациясын бастап барған болатынын. Кезіндег Татарстанның Қазан университеті тарапынан шыққан басылымдагы М.Әріпжанов, А.Каримоллин сияқты галымдардың осы тақырыпқа тән зерттеулері назарымды аударғандақтан, әр жолы бұзған көніл аудардым. Вашингтон штатындағы үндістер резервациясына барып тойларына қатыстым. Этнограф доктор Биятице Мәйдисина сияқты үндіс галымдарымен сұхбаттас болдым. Азын-аулақ материалдар таптым. Мынау – осы негізде жазылған, 1985 жылы Қытайда қазақша және хинше жарияланған мақала. Бұл жолы едәуір қысқартқан болды. Естуімше, Әділ Ахметов қатарлы галымдардың бұл туралы мәнінде еңбектері бар деседі. Амал не, ол қолыма тусе қойған жоқ.

Американың байырғы тұрғындарынан эскимостар мен әлеуіттерден өзгесін үндістер деу дағдыға айналды той. Үндістерді талай ғалымдар зерттеді. Солардың бірі Станфорд университетінің профессоры Ж.Гринберг. Гринбергтің үндістер тілін үш топқа бөлуін әйгілі зерттеуші Стивн Кигула қандық анықтаулар арқылы жөн көрген болатын. Станфордтың тағы бір профессоры К.Тайна (Амур жағасынан алған археологиялық табыстарын бүтінгі үндістерге салыстыра отырып) үш топтың бірі 15 мың жылдың алдында Лена өзені бойында, бірі – 6 мың жылдың алдында Алдан өзені айдында, тағы бірі – 4 мың жылдың алдында Амур өзені жағасында жасаған тайпалардың үрпактары деген тұжырымға келеді. Ендеше Америка континентін алғаш ашуышылардың Колумб емес, осылар екені хак. Ал төрт мың жылдың арт жағындағы Азияның ұлы даласын – әсіресе Қара теңізден тартып сонау Татар бұғазына дейінгі Сак дештін, Алтай тіл жүйесіндегі елдің, ете-мөте оның түркі тіл тобына жататын тайпаларының жайланаған тарихқа айқын ахбар [1].

Ғалымдар адамзаттың өү баста Африка не Шығыс-оңтүстік Азияда пайда болғанын анағұрлым айқындағы жатар. Әйттеір ең аргы ата-бабаларымыздың бір екені де, олардың алғашқы жұрттынан біртіндеп бүкіл жер шарына таралғаны да дау көтермес. Бұл таралу үзакқа созылды және дүркіндеп туылды. Сол таралудан түркі халқы да қалыс болғаны жоқ. Шытырман оқиғаларға сірескен зарлы заманалардың тарихи тәлкегіне талай түскен түркі тайпалары өз басынан сан мұһажиrat дәуірлерді еткізген. Бұлардың өз жұрттынан еріксіз ауып, қыыр жайлап, шет қонған топтары сырғи отырып, өзге елдерге (мысалы, Қытайға, Үндістанға, Арабияға, Еуропаға, т.б.) барып, ондағы елге сіцип те кетті, әлемнің жан баспаған тың өлкелерін ойкуменге де айналдырды. Үндістер ішінде жүрген кей топтар сол шакта барған түркі ататегінен ербігеп үрпак шығар.

Үндістердің аргы заманда ескелец мәдениеті болғаны қазір, тіпті, дәлелдене тусти. Иә, құрлық аттап, мұхит кешіп барған жандар қайдан осал болсын, Жылқта АҚШ

ТУРКОЛОГИЯ, № 5-6, 2008

антропологы Стит Мексиканың Комарколо (Көмірқала дегенде үқсас) аумағындағы қадімгі майялар гимаратының ойрандысынан б.з.б. 400 жыл маңында майя, хән (қытай) және бирма тілдерінде жазылған ойма мәтін тапты. Ол Комарколо кезінде майялардың оқу-ағарту оргалығы болған. Онда шет тілдер де оқытылған деп топшылайды. «Амал не, үндістерді өз мәдениетінен, әсіресе тілі, рухани мұрасы мен берекесінен айыру мақсатында әлеуметтік қанау мен рухани тонауды қатар жүргізген басқышы отаршылар (үндістерді христиан дініне шоқындыру үшін барған Диего де Ланда дейтін миссионердің бұйрығы бойынша) үндіс кітаптарын түгел өртеп жібереді» [2]. Алайда француз ғалымы Брассер де Борбур сыры әлі де ашыла қоймаған үш Майя кітабын тауыпты [3]. Үндістерден, әсіресе, Майя сықылды озық өрелі тайпалардан қалған қала, пирамида, гибадатхана сықылдылардың қалдықтарының табыла бастағаны да құлаққа тиүде. Ғалымдар осы беті ізденсе, әлі талай сыр ашылатын шығар. Әрине, соның бірі – бүтінгі үндіс тайпаларының тегі мен төркінің, атамекенінің кім және олардың қайда екендігі. Осы арада менимен сұхбатта болған Биятициенің: «Біз өзге жүргіттан ауып келгенімізді де, жер шарының арғы бетіндегілермен туыстық жағымызды да дабыра қылуды жаратпаймыз. Өйткені менің қандастарым да бүтінгі ақтар мен қаралар алдында бір күрліктың ежелгі иесі – біз, сендер, ауғынсындар деген өрлік сезім күшті» дегені есте болғаны да жөн.

Туыстықтың басты белгісі тілден көрінеді. Бұдан жиырма шақты жыл бұрын (Осы мақала жарияланған 1985 ж.) Индиянна университетіндегі Ф.М.Воегелин сияқтылар солтүстік американцың байырғы тұрғындардың (үндістердің) тілін талай топқа, әр топты әлденеше семьяга, әр семьяны көптеген бұтаққа айырған екен. Воегелиндердің зерттеулерінен тәптіштілік пен диалектілерге бой ұғыштықты әбден анғаруға болады. Оның класификациясындағы топтар мыналар:

1. Америка арктикасы – қадім Сібір тобы. Бұған эскимо-әлеуіт және Чукчі - Камчатка семьясы жатады.
2. Надене тобы. Бұған атапаска семьясы, Тлнгтит пен Хайда оқшау тілдері кіреді.
3. Макро – алғончуан тобы. Бұған Алғончуан семьясы мен Юрок, Уиот, Москоган, Натчаз, Атакапа, Читмача, Тункауа оқшау тілдері енеді.
4. Макро – сио тобы. Мұндағылар Сио (түркі тілдерімен бауырлас семья), Ирочоян, Каддо семьялары мен Катауба, Ючы оқшау тілдері.
5. Хокан тобы. Бұған Юма, Помо, Палайхихан, Шаста, Яна, Салина, Чумаша, Комервада, Тлапанека, Теквиистлатека семьялары мен сері, Чимарико, Машо, Карок, Кухайлтека, Есселе, Жикачуе оқшау тілдері кіреді.
6. Пенуция тобы. Бұған Иокут, Найду, Сахаптин, Кус, Иокона, Калапуя, Чинука, Мкисе-зочуе, Майя (түркі тілдерімен бауырластығы бар), Чипай – уру, Тотонака семьялары мен Додау, Каюсе, Молале, Такелма, Цымпян, Зуны, Хуауе оқшау тілдері жатады.
7. Азтек тобы... т.б.

Ал бұдан он шақты жыл бұрын Станфорд университетінің профессоры Гринберг бұларды жинақтап, эскимо-әлеуіт, генерал (бас) америнд және надене тілдері деген үш-ак салаға жіктейді. Сосын генерал америнд тілін сегіз салаға айырады.

Енді өткен жылы (1984 ж.) АҚШ Калифорния штатындағы Жерберт Ж.Ландар бұл жүргіттың тілін Не-дена, Алғончуя – Вакаша, Макро пенутия, Сио, Ирочуя дейтін бес топқа айырғанды жөн саналты.

Қандастық жағынан түп-түкіяны қырық темірдің қылауы болғандықтан ба, жоқ әлде түп-түкіяны бір болса да, тым ертеде бытырап, өзара алыс қонғасын туылған реалдық па, әйттеуір үндістер тілінің осыншалық күрделілігі бір бас қатырса, зымыраған заманға ілесе алмай күрліп жара жатқаны тағы ішінді үдай ашытады.

С.Р.Жанболат. Америка аборигендері мен түркілер...

Тілмізге тамырластығы бар деген Сио тілінің өзінде талай сала бар екен. Кіші Жамес дегенінің айтуыша, олар – Кроу, Хиддатса, Манда, Чивере, Виннебаго, Омахапонка, Осаге, Канса, Чиуапау, Дақота, Офо, Билокісі, Тутело.

Енді сол Сио тілінің лексикасынан аз мысал алу жолымен оның тілмізбен тамырластығын көрсете кетейін. Бұл сөздердің көбі М.Әріпжанов, А.Каримолдин [3] және С.Нұржакияновтардың [4] еңбектерінен алғынды. Біразын мен дайындағым. Жақша сыртында сиуша, жақша ішінде қазақша сөздер:

Кин (күн), қош, қос (күс), ишлаул (істі гүл), яш (жас), мол (көп, жинау), сақ (сақ, сергек), кех (киік), қан (қан, қызыл), қайяп (құйып, нөсер), уо (ая), шұл (сол), ош (үш), ооч (аш, ас), іч (іш, қарын), күлл (қол), имиш (жеміс), ичин (ішу), аак (ақ), бака (бақа), ик (екі), оя (аяқ), кува (қуу), озуис (озу), ішу (ішу), ясу (жасау), юта (жұту), кокта (көкте), кода құда (құдандалы), қайып (қиып), тата (доп, таба), мій (мен), бағана (бағаналау, белгілеу), капсұн (қабу), иотанка (ятанқы, отырғыш), батуша (бату, құру), таш итсе (тас іші), ялқау (жалқау), яшын (жасын), яш чилан (жас жылан), туле (толы), қоба (ақ құба), чама (шама), дауле (дауыл), исбор (ісі бар), ир уя (жер үй), тунга (қататын өзен), тлалок (тілек), ал (ұл), айик (айқын), түп ил (түпкілікті ел), мала жинте (жаман жігіт), су (су), сиіп (себү), теек (шық), кет (кет), кел (кел), таң (таң) таңда (тыңда), ате (ата, еке), ина (ене), әни (ана), батекүйтас (қойтас батқан), тлингит (төленгіт – ру аты), кре (керей – ру аты), карук (кәрілік), ұру (ұры)...

Осыларға қарап отырып мынадай қорытындыға келуге болады:

1. Үндістер ішінде талай тайпа тек монгол пішіндес расага жатады, тек мыңдаған жылдар алдында Азиядан ауып барған ғана емес, түрік халықтарымен қандас та;

2. Үндістер (әсіресе, оның Майя, Сио, Ему сияқтыларының) тілін зерттеу уақыт күттірмейтін шүғыл міндеп. Тілдер түгіл ұлттар жойылып бара жатқан мына заманда тіпті де солай. Ең алғаш швед ғалымы Стигвикандерден басталған бұл игі істің О.Рериг айтқандай талай жұмысы бар;

3. Бұл шаруаны толық қаржыландырылған ғалымдар тобының ұзақ уақыттық сапалы еңбегі ғана тындыра алады. Ол ғалымдар әрі ағылшын тіліне, әрі әлдене түркі тілдеріне жетік және тарихы т.б. ғылымдардан хабары мол болуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жанболатов С. Жер шарының аргы бетіне саяхат. Бейжің, Ұлттар баспасы, 1985.
2. Юкатандағы жағдай туралы мағлұмат (Диего де Ланданың қолжазбасы).
3. Қазан университетінің «Фылыми жазбалары». 162 басылымы.
4. Шығандап кеткен бір жұрт бар // Білім жөне еңбек журналы. 1984.

REZUME

S. R. Zhanbolat (Urimzhi)

ABOUT THE SIMILARITIES OF AMERICAN ABORIGINAL LANGUAGE AND TURKIC LANGUAGES

The article deals with the similarities in American aboriginal language and Turkic languages.